

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 30 (941) 7 шілде, 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ПРЕЗИДЕНТ АЛҒЫСЫ — ЖОҒАРЫ БАҒА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтарын, гранттарын және Алғысын салтанатты түрде табыстады.

Президент ақпарат саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, отандық медиа жаңа кезеңге қадам басқанын, қазір ақпарат тарату жылдамдығы, оның мазмұны, құралы – бәрі өте тез өзгеріп жатқанын атап өтті.

– Кеше ғана дәстүрлі және жаңа медианың бәсекесі туралы сөз қозғалушы еді. Ал бүгін сол сайттарды әлеуметтік желілер, мессенджерлер, платформалар ақпарат алаңынан ығыстырып жатыр. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Үкімет те, медиа менеджерлер де осы өзгерістерге дайын болуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қалам ұстаған қауым жеке басының немесе бір топтың емес, елдің мәселесін көтеретініне назар аударды.

– Бұл – өткен ғасырда “Қазақ” газетінің аясында ұйысқан Алаш зиялыларынан бастау алған ұлы миссия. Осы міндетті абыроймен атқару үшін әр журналистің бойында ізденімпаздық, жауапкершілік және табандылық болуы қажет. Себебі ақиқат жолы – оңай жол емес. Ал журналистің ақиқаттан айнуға құқығы жоқ. Шындық пен шынайылық басты қағида болуы керек. Яғни, ақпарат арнасы адалдық алаңына айналуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, мемлекет, медиа және қоғам арасындағы келісім Әділетті Қазақстанның берік іргетасына айналуға тиіс.

– Бұл келісім ашықтық, сенім және адалдық қағидаларына негізделуі қажет. Әр азамат, әр маман өз ісіне адал болса, қоғамның сенімі артады. Ал сенім мен адалдық – әділетті қоғамның басты құндылықтары. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық сананы жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруда басты рөл атқаруы қажет. Массмедианың ақпарат кеңістігінде озық идеялар мен көзқарастарды ілгерілетуде мүмкіндігі мол. Сондықтан журналистердің қоғамда еңбек пен кәсібилік культінің орнығуына, азаматтардың бойында өз елінің тағдырына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға атсалысуы маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінде отандық журналистиканың елдегі және әлемдегі үдерістерге өзіндік ерекше көзқарасы бар екенін атап өтті.

– Тек мықты, кәсіби және дербес массмедиа ғана шынайы идеологиялық егемендігімізді қамтамасыз ете алады. Сондықтан жаңа

лықты жай ғана жариялап қоймай, оқиғалар мен құбылыстардың өзара байланысын көрсету, ұлттық мүддемізді көздейтін сапалы талдау жасау маңызды. Шетелде және біздің геосаяси төңірегімізде болып жатқан оқиғаларды объективті түрде жариялап көрсету бойынша отандық журналистердің алдында жауапты міндет тұр. Бұл міндетті сәтті орындау сіздердің қолдарыңыздан келеді. Мысалы, жуырда Ресейде болған оқиғаны жариялап көрсету барысында осылай болды. Азаматтарымыз бұл бүлік әрекетін алаңдаушылықпен қабылдағаны рас. Ол түсінікті. Өйткені Қазақстан мен Ресей арасын әлемдегі ең ұзын шекара бөліп жатыр. Біз бірыңғай экономикалық кеңістікте орналасқанбыз. Екі елді мыңдаған гуманитарлық байланыстар мен қатынастар біріктіреді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың ақпаратты еркін алуы, пікірін ашық жеткізуі, ой еркіндігі Әділетті Қазақстанның айқын көрінісі екеніне назар аударды. Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде қаламын қаруына айналдырған тілшілер аз емес. Кейде олардың жазған мақаласынан, дайындаған репортажынан кейін өзекті мәселелер жедел түрде шешімін тауып жатады. Ондай тілшілерді Адал азаматтар десек, артық болмайды.

Президент сөзін қорытындылай келе, елімізді өркендету үшін ауқымды шаралар қолға алынғанын атап өтіп, осы жұмысты, оның нәтижесін халыққа сауатты әрі уақтылы түсіндіру, азаматтардың көкейінде жүрген өзекті мәселені, түрлі түйткілді билікке жеткізу тілші қауымының міндеті екенін еске салды.

– Осылайша біз “Халық үніне құлақ асатын мемлекет” тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыра аламыз. Сондықтан халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған медиа саласының мамандарына зор жауапкершілік жүктеледі. Бүгінде Қазақстан Орталық Азия аймағында көшбасшы мемлекетке айналды. Біз көптеген салалар бойынша алда келеміз. Бірақ тоқмейілісіп отыруға болмайды. Біз бір ел болып табанды еңбек етуіміз керек. Қазақстан озық елдермен қатар тұратын бәсекеге қабілетті мемлекетке айналуы қажет. Осы міндетті жүзеге асыру жолында сіздердің, яғни журналистердің рөлі айрықша. Медиа мамандары халыққа шынайы ақпарат беріп, еліміздегі ахуалды азаматтарға жан-жақты түсіндіріп отыруы керек. Бұл – аса маңызды міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамуын ақпараттық тұрғыда қамтамасыз ету ісіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының елеулі рөлін ескере отырып, еліміздің үздік журналистерін марапаттады.



Атап айтқанда, Мемлекет басшысының Өкімімен Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары “31 арна” телеарнасының тілшісі Ирина Әлімжановаға, “Оңтүстік Қазақстан” газетінің бас редакторы Абай Балажанға, “Казахстанская правда” газетінің тілшісі Галина Вологодскаяға берілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы гранттарына “Orda.kz” ақпарат порталының тілшісі Илья Астахов, “Хабар 24” телеарнасының тілшісі Әділ Балтабаев, “Tengrinews.kz” ақпарат порталының тілшісі Рабиға Дүйсенғұлова, “Qazaqstan” телеарнасы ақпараттық-сараптамалық дирекциясы директорының орынбасары Саламат Омаш ие болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы Алғысы “Время” газеті, “Қызылжар-Ақпарат” ЖШС, “KazTAG” ақпарат агенттігі және “TDK-42” телеарнасының шығармашылық ұжымдарына жарияланды.

– “Қызылжар-Ақпарат” ЖШС-ға өңірдегі қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық салалардың дамуын ақпараттық тұрғыда қамтамасыз етуге үлес қосқаны үшін Президент Алғысы жарияланды. Бұл – серіктестік құрамына кіретін “Soltüstik Qazaqstan”, “Qyzyljar nury” газеттері мен “QYZYLJARNEWS” ақпараттық порталының шығармашылық ұжымдарының жұмысына берілген жоғары баға. Марапат тұрғындарға елде, өңірімізде болып жатқан тың ақпараттарды дер кезінде жеткізіп, “халықтың құлағы, көзі нәм тіліне” айналып отырған серіктестік қызметкерлерін жаңаша серпін, ерекше құлшыныспен жұмыс істеуге ынталандырады, – деді “Қызылжар-Ақпарат” ЖШС-ның директоры Ербақыт Амантайұлы.

Жадыра ЕСЕНГЕЛДІ, “Soltüstik Qazaqstan”.



АҚПАРАТ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ, МАРАПАТТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Өңір басшысы Айдарбек Сапаров “арқалағаны – алтын, жегені – жантақ” журналистер қауымын кәсіби мерекесімен құттықтап, бірқатарына Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыс етті. Журналист – екінің біріне, егіздің сыңарына жалынан ұстата бермейтін жампоз кәсіп. Қоғам білуі тиіс әртүрлі ақпараттарды жинап, халыққа жария ететін ақпарат жауынгерлерінің өңіріміздің ғана емес еліміздің дамуына сіңіріп отырған еңбегі орасан. Қолына қалам ұстағандардың жұмысына ризашылығын білдірген Айдарбек Сейпілулы облысымызда тұрғындардың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыру бағытында көптеген жұмыстардың атқарылып жат-

қанын сөзіне түздық етті. “Тұрғын үйлерді қолданысқа тапсыру, жолдарды жөндеу, ауызсумен қамтамасыз ету ісінде ілгерілеушілік бар. Кемшіліктер де жоқ емес. Сіздер өңір тұрғындарына орын алып жатқан оқиғалар легін дер кезінде жеткізіп, жүзеге асырылған жобалар туралы жан-жақты мәлімет беріп келесіздер. Баршаларыңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, мықты денсаулық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін”, – деді өңір басшысы.

Журналистерді өңірде алда атқарылатын шаруалармен таныстырған облыс әкімі бір топ тілшіні Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады. Олардың қатарында әріптесіміз, об-

лыстық “Soltüstik Qazaqstan” газетінің дизайнері Жанна Бекетаева да бар. Бұл салада жиырма жылдан астам уақыт бойы қызмет етіп келе жатқан Жанна Тұрарқызының басылымның сапалы шығуына, әдемі безендірілуіне тигізіп отырған үлесі зор. Ол өңір басшысының қолынан мұндай марапат алғанына қуанышты екенін айтты. Салтанатты сәт үстінде сөз алған жазушы-журналист Жарасбай Сүлейменов тілші қандай жағдай болмасын шындық пен адалдықтан аттамауы қажеттігін айтып, қалам ұстаған қауымның өңірдің дамуына сіңіріп отырған еңбегін жоғары бағалады.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы».

АМАНАТ ПАРТИЯСЫНАН БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ БІРІНШІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМЫ ӨТТІ

Астанада АМАНАТ партиясынан барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының бірінші республикалық форумы өтті. Оның жұмысына 3 мыңға жуық адам қатысса, олардың 2,5 мыңы немесе еліміздегі барлық мәслихат депутаттарының 77%-ы – жергілікті өкілді органдардың аманаттық депутаттары. Осынау үлкен саяси маңызы зор жиынға Тайынша ауданынан да халық қалаулылары қатысты.

АМАНАТ партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда ұсынған «Әділет пен адалдық – ажырамас ұғымдар. Ал осы ұғымдардың салтанат құруы үшін қоғамдық сана мен әлеуметтік құндылықтар өзгеруі керек. Сонда ғана көздеген мақсатымызға жетеміз. Бұл бізге де қатысты. Осы жолда «АМАНАТ» партиясы барлық игі істердің алғы шебінде жүруі тиіс. Халықтың сенімі бізге күш береді. Сол сенімнің арқасында, өткен сайлауда Мәжілісте де, мәслихаттарда да басым дауысқа ие болдық. Премьер-Министрдің кандидатурасын ұсындық. Министрлерді тағайындадық. Мәслихаттағы фракцияларымыз облыстар мен мегаполистердің әкімдерін тағайындады. Бір сөзбен айтқанда, «АМАНАТ» зор абырой мен орасан жауапкершілік дегенді білдіреді», – деді ол. Ерлан Қошанов атап өткендей, «АМАНАТ» партиясы үш науқанның – президенттік және парламенттік сайлаудың, сондай-ақ жалпыұлттық референдумның қозғаушы күші болды.

«Бұл біздің партиямыздың институционалдық тұрақтылығының көрсеткіші. «АМАНАТ» партиялық вертикальдың жұмыс істейтінін және азаматтар партияға сенім артатынын дәлелдеді. Қазір мәслихат депутаттарына партиялық вертикальға толық қосылуға, оның ресурстары мен мүмкіндіктерін пайдалануға, шешімдер әзірлеп, оны қабылдауға мүмкіндік беру маңызды. Жалпы, келесі сайлауда кадр резервін бірінші кезекте мәслихат депутаттарынан – белсенді, адал, халық арасында сенім мен беделге ие азаматтардан қалыптастыру керек деп санаймын», – деді ол.



Партия Төрағасы аманаттық депутаттар әкімдіктермен өзара тиімді қарым-қатынас жасауы тиіс екенін, себебі сайлауалды уәделерді орындау осыған келіп тірелетінін ерекше атап өтті.

«Мәслихат депутаттарының өкілеттілік аясы кең, олар өңірдің дамуына ықпал ете алады. Дәл осы мәслихат депутаттары облыс әкімін сайлайды, тексеру комиссияларын құрып, аумақтарды дамыту бағдарламалары мен бюджетті бекітеді. Бұл – мәслихаттар әкімдіктермен қатар өңірлердегі өмір сапасына жауапты деген сөз», – деді ол.

Ерлан Қошанов мәслихаттарға есеп беру, бағдарламалар мен бюджетті бекіту тек қағаз жүзінде болмауы тиіс екенін атап өтті. Жергілікті деңгейде пікірталастар болуы қажет. Онда депутаттар өз сайлаушыларының мүддесін қорғауы керек.

«Бәрінің бірдей көңілінен шығуға деген ниет мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына кедергі келтірмеуі тиіс. Сынның болғаны дұрыс, бірақ популизмге жол бермеуіміз керек. Әкімдіктер мен мәслихаттар өзара бәсекелес те, қарсылас та емес, серіктестер», – деп атап өтті Ерлан Қошанов.

ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов Мемлекет басшысының Сайлауалды тұғырнамасын және «АМАНАТ» партиясының бағдарламасын іске асыру Үкімет жұмысының негізі екенін атап өтті. «Осы бағдарламалық құжаттарды тиімді іске асыру халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Алдымыздағы мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстардың барлығы бар. Қойылған міндеттерге қол жеткізу мәслихаттардың да белсенді қатысуын талап етеді», – деді ол.

Сондай-ақ Үкімет басшысы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға арналған «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруға биыл 100 млрд теңге бөлінетініне тоқталды.

«Жоба 7 жылда 1 млн-нан астам ауыл тұрғынын қамтиды. Бұған 1 трлн теңге қарастырылды. Агрөнеркәсіптік кешенде 536 млрд теңгені құрайтын 300-ге жуық жоба жүзеге асырылуда. Көктемгі егіс және орақ науқанын жеңілдікпен несиелендіру көлемі биыл 140 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ауыл

шаруашылығы техникасына жеңілдікпен несие беру мөлшері 145 млрд теңгеге жетті», – деді Үкімет басшысы.

ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин қоғамдық сана өзгермей, мемлекет пен қоғамның жаңа сапасы қалыптаспайды деп есептейді. Ол президенттік реформалардың мәні негізгі саяси институттарды нығайту екенін атап өтті.

«Ең басты міндет – реформаларды жүзеге асыру ғана емес, оларды бүкіл қоғам болып жүргізу. Сондықтан, саяси жаңғырту бағдарламасын іске асыру Конституцияға өзгерістер енгізуді талап еткен кезде, Президент жалпыұлттық референдум өткізу жөнінде бастама көтерді. Референдум нәтижесі қоғамдық топтасудың сапалы жаңа деңгейге шыққанын айғақтады. Мұны президенттік және парламенттік сайлау қорытындысы да растады», – деді ол.

Форум делегаты, Абай облыстық мәслихатының депутаты Шағангүл Жанаева «АМАНАТ» партиясы кез келген қиындықта бірінші болып халыққа қол ұшын созатынын атап өтті. «Жақында Абай облысында орын алған өрт кезінде «Жастар Рухы» Жастар қанатының 500-ден астам еріктісі оқиға орнында жұмыс істеді. Олар зардап шеккен тұрғындарға көмектесіп, өрт сөндірушілерді тамақтандырды, үйінділерді тазартты. Бұл «АМАНАТ» партиясының жауапты саяси күш екенінің айқын көрсеткіші», – деді ол.

Өз кезегінде форум делегаты, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Евгений Буслаев зиянды және қауіпті өндірістердің қызметкерлерін зейнетке ерте шығару мәселесін көтерді. Ол бұл мәселені партия өз сайлауалды бағдарламасына енгізіп, шешуді көздеп отырғанын жеткізді. Форум делегаты, Жаңаөзен қалалық мәслихатының депутаты Асқар Ноғабевтың айтуынша, халық қалаулылары мұнай-газ саласында жиі кездесетін еңбек дауларын шешуге әрдайым атсалысады. Форум делегаты, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Әсия Ақанова министрлер мен әкімдер есеп беретін көптеген бастаманың «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламаларын орындау аясында жүзеге асырылып жатқанына назар аударды. Депутаттар билік пен халық арасында көпір болып, азаматтардың мүдделерін қорғауы және қордаланған мәселелерді шешуге көмектесуі тиіс.



Өздеріңіз білетіндей, жақында «Заңсыз иеленген капиталды қайтару туралы» заң қабылданды. Форум делегаты, Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров ат төбеліндей топ шет елге миллиардтаған долларды шығарып әкеткенін мәлімдеді. Ол ұрланған қаражатты елге қайтару жұмысын аяғына дейін жеткізу қажет екенін атап өтті. Осы мәселе бойынша партия мүшелері барлық деңгейде нақты іс-қимыл жасау керек. Бұл – халықтың талабы.

Айта кетейік, өңірлердің теңгерімді дамуын қамтамасыз ету – партия Саяси тұғырнамасының басымдықтарының бірі. Парламент Мәжілісіндегі «АМАНАТ» фракциясының мүшелері 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» деп аталатын сайлауалды бағдарламаны жүзеге асырудың республикалық және 20 өңірлік жол картасын бекітті. Форум аясында «АМАНАТ» партиясынан мәслихат депутаттары бейінді министрлердің қатысуымен панельдік сессиялар аясында оқыту семинарларын өткізді.

Форум мақсаты - Мемлекет басшысының саяси реформаларының нәтижесі ретінде депутаттар мен мәслихаттар жұмысындағы өзгерістерді ілгерілету.

Форум міндеті: аманаттық депутаттардың оң имиджін қалыптастыру; қоғамның партияға, депутаттарға, мәслихаттарға деген сенімін арттыру; партиядағы ішкі өзгерістерді бекіту; партияшілік бірлікті нығайту; жаңа саяси жағдайда депутаттық қызметтің маңызын арттыру; барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттары мен орталық мемлекеттік органдар басшылары арасында тікелей диалог орнату; депутаттар мен фракциялар арасындағы өзара қарым-қатынасты күшейту, дағды мен тәжірибе алмасу; мәслихаттардағы депутаттар мен фракциялардың тиімді жұмыс істеуі үшін дағды мен тәжірибелік білім алу. («Аманат» партиясынан барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының бірінші республикалық форумы бойынша тайыншалық депутаттардың ой-пікірін газеттің келесі санынан оқи аласыздар).

«АМАНАТ» партиясының
баспасөз қызметі.

ТӘКАППАРЛЫҚ ДЕРТІН ЕМДЕУ

Қазақтың алты жүз мың сөзінің ішінде адамды құздан құлататын бір сөз бар. Ол сөзге біреулер екпін береді, біреулер тыжыранады, біреулер айтқысы келмейді. Әрі оны өздерінен іздейді.

Әл-Мүтәкәббир – Паң, ұлылық және биіктік Иесі. Бұл Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі. Кімде-кім бұл көркем есімді зікір етіп жүрсе, халық арасында құрметті болады дейді. Яғни паңдық – бұл тәкаппарлық. Бұдан шығады сөз, тәкаппарлық – Құдіретті Алланың сипаты. Оған ешкім де, ешнәрсе де ортақ бола алмайды. **«Тәкаппарлық – киімім, ұлылық – жамылғым, кімде-кім осы екеуін аламын деп ортақтасса, оны отқа тастаймын»**, – деген Алланың сөзі әбден жеткілікті.

Уа, Раббым! Тіл жетпейді сипатың мен сыныңа, Тосылады тереңдемей сырына. Тәңірі Алла! Сенен өзге Тәңір жоқ, Туралық бер, рахымың төк құлыңа! – дегендей, ұлылығының тереңдігіне сүңги алмаймыз, себебі тереңнің тереңін білетін Құдіретті Алла тәкаппардың тәкаппары! Мәселен, “Өмірге жоспар құрасың, өмір саған жоспар құрады” демекші, адамды өз дегеніне жығатын тәкаппар Өмірдің иесі Алла! “Гибрат ал, қара, жерге түскен жапыраққа, ол да бурын жоғарыдан қарайтын топыраққа” – дегендей, адамды ұсынында ұстайтын тәкаппар Уақыттың да иесі Алла! “Өмірді қанша сыйласаң да, өлімді сонша жат көрме” – дегендей, адамды бір сәтте өшіре салатын тәкаппар Өлімнің иесі Алла! Әлбетте, бұл үшеуді жеңген, ұтқан, құтылған адам жоқ! Тіпті, аспан қабаттарымен, жер қыртыстарымен, тау биіктігімен, жел екпінімен, күн ыстығымен, ай сұлулығымен, мұхит толқынымен, су тазалығымен, от жалынымен тәкаппар болса да, Иелері Алла! Ал, байлық ше? “Ей, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы, танисың ба сен мені, мен қазақтың баласы!” – деген Қасым ағамыз нені меңзейді? Міне, Құдіреттің ұлылығы, тәкаппарлығы!

Тәкаппарлық – мінез емес, кемшілік, құндылық емес, өзін-өзі бағалау. Яғни бір сөзбен адамның үрленген Мені! Оны ешкіммен санаспайтын өзімшіл ой, өзін басқалардан артық санайтын жалған сенім, кеудені жарған көкірек, ешкімді місе тұтпайтын паңдық, өзін бағалай алмайтын жыртық мақтаншақ үрлейді. Жыртық мақтаншақ психологияда нәзік эгоны қоректендіруші немесе қорғану қажеттілігінен туындаған мінез. Сайып келгенде, тәкаппарлық жоғарыда тізілген кеселдердің жиынтығынан тұратын дерт. Халқымыз мұны кібірлік немесе Құдайын ұмытқан адам дейді. Ал, бұл кібір қайдан басталады?

Бір ғана айнаны алайық. Біз оған күніге қараймыз, бірақ одан кімді көріп жүрміз, байқамаймыз. Өзімізді ме, өзгені ме? Шынымен өзімізді көріп жүрміз бе, айна не дейді? Мәселен, айнаны өндіре бастаған дәуірлерде оның сырын құпияда ұстаған. Адам психикасына әсер ететін жазалаулар, кемелерді өртеу сынды теріс мақсаттағы әдістерге құрал еткен. Әрі бұдан жағымсыз түсініктер қалыптасқан. Айна сынса бақытсыздық келеді және т.с.с., көп жағдайда сиқыр және тылсым күштерге байлаған. Ал, бүгінде сол айнаға жайбарақат қарап жүрміз бе? Егер айна “Сен сұлусың!”, “Саған ешкім тең келмейді!”, “Сен мықтысың!”, “Сен бәрінен артықсың!” деген ойды тудырса, адамның Мені оянады. Тарихта Жүсіп (ғ.с.) пайғамбар өткен. Көркі жағынан Алла Тағаланың ең сұлу Пайғамбары. Сол пайғамбар айнадан өзін көріп, көркіне таң қалып, “Мен сондай сұлумын, егер құл болсам, мені сатып алуға ешкімнің дүниесі жетпес” деген ойға келеді. Міне, осы тұста оны жиырма екі тиынға бауырлары құлдыққа сатып, он бір ағасы әрқайсысы екі тиыннан бөліп

алады. Бұл Алланың құдіреті емей не?! Сондықтан, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың жұбайы Айша (р.а.) анамыз айнаға қарағанда Аллаға дұға еткенінде зор мән жатыр.

Негізінде, адамның өзін-өзі бағалауы көңіл-күйді көтеру, ынталандыру, мотивация береді. Ал, егер адамның Мені өзін бағалай бастаса, өзімшілдікке өтеді, жалған сеніміне ерсе, кеудеге сыймай керіледі, кем-кетігін жасырып өтірік мақтанса және бұған талғамы мен кербездігін қосса, ақылды жеңеді, “Мен пістім!”, “Мен жетілдім!”, “Мен толдым!” деп тәкаппарланады, бұл Тәңірлікпен таласу! Кімде-кім бір күнде “Мен!” сөзін қанша рет айтады, сонша рет Менін үрлейді. Яғни тәкаппарлықтың басы осы “Мен!” сөзінен басталады. Өйткені, ең бірінші кібірлікті Шайтан жасады, мойындамады, тәубеге келмеді, қуылды.

Ақыл-есінен кем, ауру адамнан басқаның бәрінде деңгейіне қарай тәкаппарлық міндетті түрде болады яғни жеңіл және ауыр түрі. Ешбір адам өзін “Мен тәкаппар емеспін!” деп айта алмайды. Өйткені, оның дәнегі баршамызда бар. Мысалы, нәпсісіне ұнамайтын жәй бір сөзді естісе, қарсы шығады, ал ауыр сөз естісе, көбі шапалақ жеген күйді кешеді, бір сөзді басынан асырғысы келмей, үндемей қалсыншы, кейін өз-өзін жеп, іштен тынбайды, қайта ызалы кекке айналдырып жатады, бұл өтірік емес. Мұны өздері жібермей жатқан намыс, өз-өзін қорғау деп түсінеді әрі түсіндіреді, шындап келгенде, бұл іштен шыға алмай жатқан адамның Мені. Ал, әдесе мә деп, “Мен саған көрсетейін” немесе “Сен кімсің маған ақыл үйрететін” дегенді қайда жібереміз?! Болмаса “Мен сұлумын!” деп көркіне керілсін, қартайғанда ажары солады. “Мен күштімін!” деп мықты тірелсін, белі шойырылса, қуаты таяды. “Мен дәулеттімін!” деп байқуатты паңдансын, бір жұтпен-ақ шаруасы тынады. Ал, “Мен білімдімін!” деп иманды тіксінсе, бұл ауыр дүние. Оны иманы құтқарады ма, білімі құтқарады ма, Алла Өзі шешеді! Ал, кедейдің кербезі ше, оны кім құтқарады? Алла Тағала пайғамбарларынан уаһи етіп, Ибраһим (ғ.с.) сұрайды:

Мен кіммін? Сен кімсің? – дейді.
Мен Сенің досыңмын! – дейді. Мұса (ғ.с.) сұрайды:
Мен кіммін? Сен кімсің? – дейді.
Мен Сенімен сөйлескен кәләмулламын! – дейді. Иса (ғ.с.) сұрайды:
Мен кіммін? Сен кімсің? – дейді.
Мен Аллаңтың рухымын! – дейді. Мұхаммед (с.ғ.с.) сұрайды:
Мен кіммін? Сен кімсің? – дейді.

Мен Сенің әлсіз, жетім Құлыңмын! – дейді. Міне, біздің негізгі шынайы табиғатымыз осы.

“Тәкаппарға тәкаппарлық садақ! Төсін көтергенге иілме, төбеңе шықпасын” - деп Шаңтимес ағамыз айтқандай, таудың басына шығу оңай, одан қалай түсеміз, жалпы бұл тәкаппарлықтың емі бар ма? Дертті қозғау үшін, алдымен түбірін қопсыту керек, соған қарай амал жасалады, дегенмен бұл кемшілікті қандай қасиеттер басады, соған көңіл бөлейік.

Бірінші, тәкаппарлықтың шыңында тұрған адамның рух көзін ашу үшін, алдымен оның деңгейіне өтіп, оның тілінде сөйлеп, байланыс пішімін баптап алу керек. “Жылы сөз - жанға ем” демекші, жанына қажет сөзді айта отырып, байыппен жүрегін жібіту қажет. Әріден өзің жайлы әңгімелей отырып, оның өміріне шолу жасап, салыстыру. Ата-бабасын еске сала отырып, балалық шағына оралу, дос-жарандарына көңіл бөлу, достары болмаса

достық ұсыну, жан-жары мен бала-шағасына деген көз-қарасы мен қарым-қатынасын анықтау. Дүниетанымын мұқият барлап, мінез-құлық, сыйластық пен құрмет, эмоциялар, қарсы күш жайлы сөз қозғай келе, жер шары барша адамзатқа айналып тұрғанын сезіндіру. Одан кейін өмір, сынақ, өлім, Құдайдың құдіреті, Оны зікір ету, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды үлгі ету, Оған (с.ғ.с.) салауат айту, ата-бабасына Құран бағыштау, отбасына дұға жасау, жанұя, тату-тәтті семья, салт-дәстүр, ел мәселесін бірге талқылау, жетістіктерге бірге қуану, пікірімен таласпау, бірақ дұрысына әділдікпен көзін жеткіздіру, қателіктерін анықтау, бірге жөндесу, жанашырлық таныту, жауапкершілікті ұғындыру. Яғни басқа көзқарастарға деген нөлдік назарын оятатын сұхбат жасап, одан ләззат алатын халге жеткізу. Содан кейін құздың не әрісіне құлау, не берісінде қалуға ерік пен таңдауды өзіне қалдыру. Соңында ниетін түзеу, құлшылыққа келтіру, білімге бағыттау, амалға көшу, әрекетке қадамдар жасау. Бұл амалдар міндетті түрде жасалуы керек яғни еңбексіз адам еріншек келеді, тәжірибесіз адам түзелмейді. Мәселен, алғашқы адым киімнен басталса яғни Алланың **“Тәкаппарлық - киімім, ұлылығым – жамылғым...”** деген сипаттағы жамылғы киімінен орташа, жұпыны киімге бірден болмаса да, біртіндеп, жаймен, әйтеуір көшу не болмаса анда-санда киіп жүруді ұсыну. Одан кейін жеңілінен бастап ауырына яғни еден жуу, қоқыс жинау, көшелер сыпыру, жолдағы тасты алу, мал қораны тазалау, дәретхананы тазалау сынды тәкаппарлықтың сындыратын амалдарды бұлжытпай орындаса, қайырымды істермен айналысса, түнгі құлшылықтарға аса мән берсе, дерттен толықтай айығады.

Екіншіден, құзға талпынған таудың орта беліндегі адамға не қажет? Алдымен ойын, мақсатын, арман-тілегін, көңілін, кем тұстарын, бағытын, неге қызығады, талпынады, қалайды, ұмтылады, қажеттілігін білу керек. Жүріп өткен жолын саралау, есінде қалған жақсы сәттер, өткенді бағалау, өзінен де зор немесе өзінен де төмен адамдардың өмірлерінен үзінді келтіру, Құдаймен танысу, құлшылыққа келу, зікір ету, салауат айту, дұға жасау, өзін-өзі дамыту, жалған өмір, сынақ, хақ өлім, көркем мінез, дін мен дәстүрге негізделген ата-баба жолы сынды тақырыптарда тіл сұхбатын құру, бағытын нақтылау, ниетін туралау. Жоғарыда айтылған амалдар бұл адамға да тиесілі.

Үшіншіден, таудың етегінде тәкаппарлықпен саналы түрде күресіп жүрген адамға Алланы көбірек еске алып, көптеп зікір ету, салауат айту, дұға жасау, намазына сақ болуы жеткілікті.

Бұдан басқа, жалпы кез келген адамға мейлі таны, мейлі таныма, бірінші болып сәлем беру, бұл кішіпейілділік, бұл құрмет, бұл ізет, одан ешкім кішірейіп қалмайды, ешкім төмендемейді. Неліктен “Топырақтан жаралғансың!” дейді. Яғни бұл “Тәкаппар болма!” деген сөз. Өйткені, барар жеріміз баршамызға белгілі. Дүниеге шектеу болғанмен, нәпсіге шектеу жоқ, сондықтан нәпсіні тізгіндеп отырған дұрыс.

Одан кейін, ешкімге ренжімеу және ешкімді ренжітпеу. Әлбетте жағдай қаралады, егер намыс тапталса, арұятқа нұсқан келсе және т.с.с. Бұл жерде пендешілікке ренжімеу және ренжітпеу тәкаппарлыққа жол салмайды, мәселесі осында. Ал, мақтауды қаламау кібірліктің жоқтығына дәлел! Өмір болған соң, пенде өзгеріп отырады, бұл заңдылық. Алла алдында тәкаппар болудан баршамызды сақтасын!

Нұрлан Байжігітұлы,
дінтанушы, “Ырыскелді қажы” мешітінің бас имамы.

ҚЫЗ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТТЕР

Жігіттер көрікті қыздарды ғана көзіне іледі десеңіз, мүлде қателесесіз. Әрине, сыртқы сұлулыққа мән береді, алайда ішкі сұлулық жігіттер үшін өте маңызды. Әр адамның бойында жақсы-жаман қасиеттері болады. Ол біреуге ұнаса, біреуге ұнамасы анық. Ендеше назарларыңызға жігіттер қауымының жоғары бағалайтын қыз бойындағы қасиеттерді ұсынамыз.

Шынайылық. Шындығы аз қоғамда өмір сүрсек те, жігіттер қыздардың шынайы жүзін көруге асығады. Сондықтан сырттай ғана емес, іштей де шынайы болыңыз.

Әдеп. Жігіттер қыздың сыпайы, ұяң, ибалы болғанын қалайды. Өз орнымен сөз сөйлеп, артық қылық көрсетпесеңіз, ұпай сізде.

Нәзіктік. Жұмсақ мінезіңіз сізді нағыз нәзік ару етіп көрсетеді. Дөрекілік қыз баласына тән емес. Нәзік жандылардың ер адам алдындағы басты айырмашылығы да осы нәзіктік екенін ұмытпаңыз.

Ақыл. Жігіттер қыздың сұлулығымен қатар айтқан сөзіне де аса мән береді. Сөз – сіздің ішкі айнаңыз. Сондықтан ақылмен сөз сөйлесеңіз, оның алдында сіздің парасаттылығыңыз арта түспек.

Ұқыптылық. Ісіне ұқыпты кісіні көпшілік ұнатады. Ал жігіттер қыздың барлық іске ұқыпты, таза болғанын қалайды.

Сабыр. Жігіттер қауымын табанды, мақсатты, қайсар қыздар да елең еткізбей қоймайды. Сіздің сабырыңыз бен төзіміңіз оны таң қалдыратын болса, ол сіздің осы қасиетіңізді өте жоғары бағалайды деген сөз. Яғни орынсыз ашуланбайтын және жігітін көп ашуландырмайтын аруды бәрі де ұнатады.

Іскерлік. Жігіттер іскер яғни білімді, өзін-өзі жақ-жақты дамытқан, әрдайым жаңа дүниені тануға қызығушылығы артып жүретін аруларды жоғары бағалайды. Тіпті сізге толықтай сенім артып, сіздің артыңыздан еруі де ғажап емес. Қалай ойлайсыз, жігітіңізге сіздің қай қасиетіңіз ұнайды?

.....

ТӘРБИЕ ТАЛ БЕСІКТЕН

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы...

Ахмет Байтұрсынов

Атадан ұл туса игі, Ата жолын қуса игі. Өзіне келер ұятын,

Өзі біліп тұрса игі. Жаудан бұққан немені, Ортасына қуса игі!

Төле би

Жақсыдан болат ұл туса - жауырынынан өтін алса да, жамандарға жалынбас.

Махамбет Өтемісұлы

Сүйер ұлық болса сүй, Сүйінерге жарар ол.

Абай Құнанбаев

Қызы анадан үйренбей өнеге алмас, Ұл атадан үйренбей сапар шекпес.

Қорқыт Ата

Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер.

Махмұд Қашқари

Сіз ұлыңызды немесе қызыңызды тек қана өзіңіздің ата-аналық қуанышыңыз үшін ғана дүниеге әкеліп, тәрбиелеп жатқан жоқсыз. Сіздің отбасыңызда және сіздің басшылығыңызда болашақ азамат, болашақ қайраткер және болашақ күрескер өсіп келеді.

Антон Семенович Макаренко

Бек ұлдарың құл болмағай, пәк қыздарың күң болмағай.

Күлтегін

Шын жаратқан ұл болсаң, құдай тағалам өзі берер нәсіпті.

Бұқар жырау Қалқаманұлы

Газеттің 3-бетін дайындаған: Жанаргүл Мұратқызы, тілші.

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН 2023 ЖЫЛҒЫ 3 ТОҚСАНҒА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Ақтанов Нұрлыжан Жақсылықұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығы полиция полковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қазбек Амантайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қайрат Серікбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Нұрахметов Марат Әмірханұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

ПБ бастығына қабылдау жүргізіледі.
тел: 22-8-75.

ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

2023 жылдың басынан бері БҚО-да 271-ден астам өрт тіркелді, оның ішінде 167-ге жуық өрт тұрғын үй секторында, онда 7 адам қаза тауып, 5 адам жарақат алды. Өрттің себептері электр жабдықтарын тұрмыстық электр аспаптарды, электр сымдарды, электр розеткаларды, қосқыштарды, ажыратқыштарды дұрыс пайдаланбау салдарынан болуы мүмкін. Тұрмыстық құралдар аспаптың техникалық ақаулығы кезінде өрт тудыруы мүмкін, соның нәтижесінде аспаптың ішінде қысқа тұйықталу орын алады. Электр шайнектердің, үтіктердің, электр плиталардың, микротолқынды пештердің қысқа тұйықталуы жиі кездеседі. Сондықтан өрттің алдын алу үшін желіге қосылған электр шайнектерін, электр плиталарын, теледидарларды, кір жуғыш машиналарды және басқа да электр аспаптарын қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Электр сымдары ұзақ уақыт жұмыс істеген кезде айтарлықтай тозады, оқшаулау дәрежесі жоғалады. Сондықтан үйдегі электр сымдарын пайдалануды бастағаннан кейін белгілі бір уақыттан кейін ауыстыру керек. Оқшаулау, зақымдалған розеткалар мен ажыратқыштар бұзылған электр сымдарын пайдалануға жол берілмейді. Электр сымдары жанбайтын негізде немесе арнайы кабельдік арналарда орнатылуы керек. Бұл текстолит, поранит, асбест немесе басқа жанбайтын материал болуы мүмкін. Сымдарды немесе розеткаларды ағашқа немесе тұсқағазға орнатуға тыйым салынады, бұл өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуы болып табылады. Электр сымдары мен электр құрылғыларын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі өте маңызды және негізгі іс-шара шамадан тыс жүктеме мен электр желісінің қысқа тұйықталуынан қорғайтын құрылғыларды пайдалану болып табылады. Бұл автоматты немесе балқитын сақтандырғыштар болуы мүмкін. Қысқа тұйықталу кезде немесе тиеу электр немесе электр аспаптардың сақтандырғыштары қосылады, электр желісі және, осылайша, жану дамыту алдын алады. Сондықтан қорғаныс құрылғыларында калибрленбеген кірістірулерді, яғни сымнан жасалған "қателер" деп аталатын немесе электр желісін апаттық жұмыс режимдерінен қорғаусыз пайдалануға тыйым салынады. Барлық қысқа тұйықталу және шамадан тыс жүктемелерден қорғайтын құрылғыларда ток және басқа параметрлер көрсеткіштері бар. Сондықтан дұрыс сақтандырғыштарды таңдау үшін білікті электрикке хабарласу керек.

Өрттің туындауынан ешкім сақтандырылмаған. Алайда, егер өрт қауіпсіздігі ережелерінің барлық шараларын сақтасаңыз және отты пайдаланған кезде абай болсаңыз, өрттің алдын алуға болады. Өрттен келтірілген материалдық залал сіздің үйіңізді өрттен қауіпсіз күйге келтіруге кететін шығындардан жүздеген және мыңдаған есе көп болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

ҚАТТЫ ЫСТЫҚТАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

"Қазгидромет" РМҚ БҚФ болжамына сәйкес Солтүстік Қазақстан аумағында ауа температурасы өте жоғары болады деп күтілуде. Бұл жағдайда өрт қаупі де туындайды. Өрттің себебі темекі тұқылынан, балалардың отпен ойнауынан, қоқыстарды, құрғақ шөптерді бақылаусыз өртеу болуы мүмкін. Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарына «Өрт қауіпсіздігі ережелерін» сақтау туралы ескертеді: Төтенше жағдайларды болдырмау үшін сізге өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау туралы еске саламыз. Үйлердің, саяжай құрылыстарының, қураған ағаштардың жанында, ормандарда от жағу өте қауіпті, осы кезеңде үлкен аумақтарға өрттің таралуына ықпал ететін қатты жел ерекше қауіпті.

Өрт болған жағдайда дереу 101 немесе 112 телефондарына хабарлаңыз

САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ

2024 жылдан бастап бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) алынып тасталады. "2024 жылы бұл төлем түрі болмаса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар МӘМС төлемдерін қалай төлейді? Бұл медициналық сақтандыру қорының шешімі ме?" – деген сауалдардың жауабын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры Дамир Көбжасаров айтып берді. Дамир Көбжасаровтың айтуынша, бірыңғай жиынтық төлемді алып тастау Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының шешімі емес. БЖТ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін бес жылға (2019 жылдың 1 қаңтарынан 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін) уақытша енгізілген әрі оны тек жеке қосалқы шаруашылық өнімдерін сататын және қызметтер көрсететін жылдық табысы 1175 айлық есептік көрсеткіштен аспайтындар төлей алатын. Басқа жағдайда бұл төлемді пайдалануға болмайды. Алайда бұл норманы жұмыссыз әрі тұрақты жұмысы жоқ азаматтар, бала күтімі бойынша бір жарым жасқа дейінгі әлеуметтік төлемдерді алу үшін жүкті әйелдер пайдаланып келеді. Бірыңғай жиынтық төлем республикалық және облыстық маңызы бар қала тұрғындары үшін бір айлық есептік көрсеткіш көлемін және басқа елді мекендердің азаматтары үшін 0,5 АЕК құрайды. Яғни биыл БЖТ мөлшері тиісінше 3450 теңге және 1725 теңге. Бірыңғай жиынтық төлем төлеуші ретінде тіркелудің артықшылығы өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды БЖТ төлемегені үшін қандай да бір жауапкершілікке тарту шарасы қарастырылмайды. Алайда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам бірыңғай жиынтық төлемнің бір айын уақтылы төлемесе, сақтандыру мәртебесінен айрылады. Сондықтан ай сайын төлем уақытын өткізіп алмау маңызды немесе алдағы кезеңдерге алдын ала төлем жасау керек. – Бірыңғай жиынтық төлемнің негізгі және жалғыз мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйелеріне тарту. Қазір жеке тұлғалардың табысын декларациялау кезең-кезеңімен енгізілу үстінде. Бұрын кәсіби тіркемеген азаматтар кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе жалдамалы қызметкер болып жұмыс істеуі керек, – деді Дамир Көбжасаров. БЖТ төлеген азаматтар әрі қарай дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады (2023 жылы – 3500 теңге). Осы жерде ескеретін жайт,

азаматтардың сақтандыру мәртебесі болуы үшін, МӘМС туралы заңға сәйкес, 12 айға төлемі болуға тиіс. Егер БЖТ төлеушілердің өткен 1 жылға төлемі болса, 2024 жылдан бастап әр ай сайын дербес төлеуші ретінде төлем жасай алады. Ал толық 12 айға төлемі болса, азаматтар төленбеген 5 айға дербес төлеуші ретінде әр айға 3500 теңгеден төлеп шыға алады. Келесі жылдан бастап ай сайын жарна төлей береді. Ал биылғы 3-4 айға БЖТ төлеген адамдарға алдағы 12 айға төлем жасап, 1 жылға алдын ала сақтандыру мәртебесін алған тиімді. Дамир Көбжасаровтың айтуынша, тұрақты табысы жоқ ауыл тұрғындарының МӘМС жүйесінен тыс қалу қаупі бар. Қазір осыған байланысты ауылдық аймақтарда түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Әзірше, азаматтар алдағы бес айда БЖТ-ны төлей береді. 2024 жылы сақтандыру мәртебесін жоғалтпау үшін азаматтар жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп немесе дербес төлеуші ретінде жарна төлейді. Төлем Қазақстанның кез келген банкінде, банктердің мобильді қосымшалары арқылы және "Қазпошта" бөлімшелерінде қабылданады. Төлем жасау кезінде ақша аударылатын адамның жеке сәйкестендіру нөмірін, төлем жасалатын айды көрсету керек. Егер сіздің сұрақтарыңыз болса немесе медициналық көмек алуда қиындықтар туындаса, өз емханаңыздағы "Пациенттерді қолдау қызметіне" жүгініңіз. Ал ол жерде мардымды жауап ала алмасаңыз, қордың өзіңізге мынадай ыңғайлы арналары бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз: – "fms.kz" ресми сайты; – "Qoldau 24/7" мобильді қосымшасы; – "Telegram"дағы "SaqtandyruBot"; – 1414 бірыңғай байланыс орталығы. Сондай-ақ Электронды үкіметтің "egov.kz" сайтындағы "Денсаулық сақтау" бөлімінде "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну" мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

Қарлығаш ИЛИСОВА,
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры облыстық филиалының баспасөз хатшысы.

1 ШІЛДЕДЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСİNДЕ ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР

29 наурызда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрінің міндетін атқарушы Назгүл Сағындықова РСК брифингінде зейнетақы жүйесінде қандай өзгерістер болатынын айтты, деп хабарлайды Zakon.kz.

Жаңа Әлеуметтік кодекстің жобасы мемлекет басшысының қарауына ұсынылып, 1 шілдеден бастап күшіне енеді. Ведомствоның мәліметінше, қазіргі жүйе зейнеткерлердің үш ұрпағын қамтитын болады. Құжатта базалық зейнетақының мөлшерін арттыру қарастырылған. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап болашақ зейнеткерлер үшін жұмыс берушілерден қосымша зейнетақы жарналары енгізіледі. "Өзгерістерде 1998 жылға дейін және 1998 жылдан кейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер зейнетақы төлемдерінің негізгі бөлігін мемлекеттен, ал болашақ зейнеткерлер жинақтаушы зейнетақы жүйесінен алатын болады", - деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрінің міндетін атқарушы Назгүл Сағындықова. Соны-



мен қатар, кодекс нормалары инвесторларға өз активтерін басқаруға мүмкіндік береді.

Азаматтар белгіленген жеткіліктілік шегін емдеуге және тұрғын үй сатып алуға жұмсай алады. Салымшылар алынғаннан кейін қалған зейнетақы жинақтарының немесе барлық жинақталған соманың 50%-дан аспайтын бөлігін жеке басқаруға бере алады. «Бұл ретте, зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекеттік кепілдік тек Ұлттық банк басқаратын жинақтардың бөлігіне ғана қолданылатынын атап өткен жөн», - деп қосты спикер. Сонымен бірге ол инвесторлар басқарушы компанияларды таңдаған кезде ықтимал тәуекелдерді өздері бағалауы керек деп қосты.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 223. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.